

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
2022-2023 оқу жылы 1- жартыжылдық бойынша педагог-психологтың
жұмысының есебі

1- сынып оқушыларының мектепке даярлығын тексеру мақсатында тест жұмыстарын алып, мектепке балаларды қабылдауға қатыстық. 1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау үшін Керн-Йирасек тесті пайдаланды. Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестері зерттелді. Нәтижесінде оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері анықталып, танымдық қасиеттерінің қалыпты дамығандығы анықталды.

Сонымен қатар 1, 5 сынып оқушыларының жоғары буынға ауысуы кезіндегі бейімделуін анықтау мақсатында арнайы бағдарлама бойынша жұмыстар атқарылды. Филлипс тесті, өзін – өзі бағалау, Түзету жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде 1, 5 сынып оқушыларының жоғары сыныпқа бейімделулерінің жеңіл өтуіне өз үлесімізді қостық.

Сондай-ақ 2-11 сынып арасында «Өзін-өзі бағалау», «Социометрия» тесттері алынды. Нәтижесі сынып жетекшілерге хабарланып, топ ішіндегі балалар мен шет қалған балаларға кеңес берілді. Жаттығу жасалды.

Сәтсіз жаңа балаларымен жұмыс жоспары жоспарланды. Сол жоспармен жұмыстар атқарылуда. Балалардың отбасылық жағдайы және балалардың көңіл-күйлері бақыланып отырылады.

1-11 сыныптың оқушыларының көңіл – күйлері таңертеңгілік уақытта дәлізде бақыланады, эмоциялық жағдайлары анықталады. Сынып жетекшілерімен байланыс орнатылып, әр баланың жағдайы сұралды.

9-11 сынып оқушыларынан мамандыққа икемділіктері зерттелді. Жеке жұмыстар алынды. Мамандық бойынша қызықтырған сұрақтарға жауаптар беріліп, кеңестер айтылып өтілді. Нәтижесінде оқушылар кәсіби бағыт-бағдар алып, болашақтағы қалаған мамандақтырын анықтады.

11 сынып балаларымен ҰБТ-де дайындық кезінде кездесетін кедергілерді жою мақсатында ойын-жаттығулар ұйымдастырылып, дайындық барысында ескеру қажет ережелер туралы айтылды. Ата-аналарымен жиналыс - әңгіме өткізіліп, кеңестер берілді.

Мектеп директоры м.а:  Шакиева М.Е

Педагог-психолог:  Шахметова А.Н

